

ДЮСУПОВА АСЕЛЬ АМАНЖАНОВНА

**ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ СЕМАНТИКАСЫ**

6N0205 – «Филология»

мамандығы бойынша гуманитарлық ғылым магистрі академиялық
дәрежесін алуға магистрлік диссертацияның
АВТОРЕФЕРАТЫ

Жұмыс Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде орындалды.

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент Жанабилова А.К.

Ресми оппонент: филология ғылымдарының кандидаты,
С. Аманжолов атындағы ШҚМУ қазақ
тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті
Келгембаева Б.Б.

Ғылыми жұмыс 2011 жылғы 21 маусымда сағ. 12.00-де 070004,
Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 19, Г2-306 аудиториясында Д. Серікбаев
атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің
жанындағы мемлекеттік аттесттау комиссиясының отырысында қорғалады.

Диссертациямен Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік
техникалық университетінің кітапханасында танысуға болады.

Автореферат 2011 жылдың «17» мамырында таратылды.

Магистрлік диссертацияларды
қорғау жөніндегі МАК хатшысы
филология ғылымдарының кандидаты Советова З.С.

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

Тақырыптың өзектілігі. Шәкәрімнің поэтикалық әлеміндегі бейнелі суретті образдардың мәні қазақтың ғана емес, жалпы адамзаттық ақыл-ой дүниесімен астасып жататындығымен құнды. Қандай да бір мәселені тілге тиек етсе де ақынның ерекшелігі оны кең ауқымда алып, өлең өлшеміне өрісті оймен сыйдыра білген. Бұл қасиет сөз зергерінің шағын өлеңдерінде де, көлемді туындыларында да бөлекше бітімге, әсерлі айшыққа ұласқан. Ақын поэмаларының тақырыптық жүйесі, жанрлық түрі, идеялық және мазмұндық негіздері қазақ поэзиясындағы тың үрдісті танытады. Онда дәстүрлі шығыстық сөз саптау үлгісі мен батыстың дамыған әдебиетінің ықпалы өзара үйлесім тапқан. Осы ретте Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясын шығармаларындағы кірме сөздердің қолданылуы тұрғысынан қарастыру ақынның өлеңдері мен басқа да поэтикалық туындыларының қайталанбас сипаты мен өзіне ғана тән ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Ғылыми жұмыстың негізгі мақсаты – Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиялық шығармаларындағы кірме сөздердің семантикасы мен олардың қолданылу ерекшеліктерін анықтау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі бірқатар міндеттерді шешу көзделген:

- қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуына Шәкәрім Құдайбердіұлының қосқан шығармашылық үлесі;
- поэтикалық мәтін тілін зерттеу;
- тілдік ерекшеліктердің семантикалық деңгейін анықтау;
- Ш. Құдайбердіұлының поэзиясындағы кірме сөздердің семантикасы мен қолданылу ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің нысаны - Шәкәрім Құдайбердіұлының поэзиясындағы араб-парсы тілдерінен, орыс тілінен енген кірме сөздер.

Зерттеудің әдістері. Ғылыми жұмыста лексика-семантикалық, тарихи-салыстырмалы, сипаттама, семасиологиялық, лингвистикалық талдау, жинақтау, қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы кірме сөздердің семантикасының қолданылу *ерекшелігі* алғаш рет зерттеліп отыр;
- Абайдың поэзиялық дәстүрін жалғастырушы ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының кірме сөздерді қолдану *ерекшеліктері* анықталды;
- Шәкәрім поэзиясындағы кірме сөздердің семантикалық топтары қарастырылды;
- Шәкәрім шығармаларындағы кірме сөздердің қолданылу *ерекшеліктерінің* стильдік сипаттары айқындалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы өзіндік ерекшелігі бар күрделі көркем жүйе;

- Шәкәрім шығармашылығы қазақтың халық шығармашылығының, шығыс пен батыс мәдениетінің оның үлгісінен игере тұра өзіне ғана тән айшығы анық көркемдік құрылым ретінде бағалы;

- Шәкәрімнің өз поэзиялық шығармаларында өзге тілдерден ауысқан кірме сөздерді қолдануы оның білімдарлығы мен сауаттылығының белгісі;

- өзіндік саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ерекшеліктері бар екі ғасыр тоғысында қазақ әдеби тілін жаңа сапалық деңгейге көтеруге Шәкәрім Құдайбердіұлының қосқан үлесі.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні. Қазақ әдебиеті мен поэзиясындағы Шәкәрім шығармашылығының алатын орнын көрсету. Шәкәрім шығармашылығы қазақ жазба әдеби тілін жаңа деңгейге көтергені анық. Шәкәрім поэзиясының ерекшелігі – қазақтың төл сөздерімен қатар кірме элементтердің үйлесімді қолданылуы.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны төмендегі жинақтарға енді:

- Употребление заимствованных слов из русского языка в произведениях Шакарима Кудайбердиева // Қазіргі мәдениет кеңістігіндегі коммуникативтік үдерістің түрлі қырларын зерттеуге арналған «Тіл және мәдениетаралық коммуникация: қазіргі ахуалы мен келешегі» атты II Жалпыресейлік ғылыми-практикалық пәнаралық интернет-конференция, М.К. Аммосов атындағы Якутск мемлекеттік университеті, РФ, Якутск қаласы, 2010 жыл;

- Шәкәрім өлеңдеріндегі кірме сөздер // «Жастар шығармашылығы – Қазақстанның инновациялық дамуына» атты студенттердің, магистранттардың, аспиранттар мен жас ғалымдардың X Республикалық ғылыми-техникалық конференциясы, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, ҚР, Өскемен қаласы, 2010 жыл;

- Шәкәрімнің шығармаларындағы орыс тілінен енген сөздердің қолданылуы // «Жаңа әлемдегі жастар және ғылым» атты II Республикалық ғылыми-практикалық конференция, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, ҚР, Талдықорған қаласы, 2010 жыл.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиет тізімінен тұрады. Жұмыстың негізгі мазмұны 71 баспа бетте баяндалған.

Жұмыстың жалпы мазмұны

Жұмыстың негізгі бөлімінде «Қазақ тіліндегі кірме сөздердің қабаттары» **бірінші** тарауында жалпы қазіргі қазақ тілінің лексикасы құрамындағы кірме сөздер жөнінде сөз болды.

Қазіргі қазақ тілінің лексикасы оның пайда болу тұрғысынан біртекті емес болып табылады. Кез келген тілдің сөздік құрамына қоғам өміріндегі өзгерістер: саяси және экономикалық қайта құрулар, мәдениет, ғылым мен техника, өнердің көп ғасырлық тарихы бойындағы дамуы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Тілдің сөздік құрамы бір ғана өзінің ішкі мүмкіншіліктері арқылы толығып кемелденбейді. Өзінде жоқ сөзді өзге тілдерден ауысып алу арқылы да тіл өзінің сөздік құрамын байытып, жетілдіріп отырады. Қазақ халқының даму тарихына көз жіберсек, басқа халықтармен саяси, экономикалық, сауда-саттық, мәдени және ғылыми жағынан үнемі тығыз байланыста болғандығын көреміз. Мұндай жан-жақты қарым-қатынастың нәтижесі ана тіліміздің сөз құрамынан да айқын байқалады. Бұл ретте, Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «Бір халық пен екінші халық ертеде тек мал-мүлік пен киім-кешек, ыдыс-аяқ сияқты жалаң заттарды ғана алмастырып қоймаған, соған қоса рухани байлық та бір-бірінен молынан ауысқан. Әсіресе бір тілден екінші тілге көптеген сөздер кірген. Осымен байланысты тіліміздегі қыруар кірме сөздерді қоғам тарихымен, қазақ халқының басынан кешкен даму тарихымен тығыз байланыстырып зерттеген жөн», - деп көрсетеді

Қазақ халқының басынан кешкен ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, әр кезеңде түрлі қарым-қатынастар жасағандығы мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы VIII – XI ғасырларда араб-парсы елдерімен, XII – XIII ғасырларда монғол халқымен күшті байланыста болса, XVIII ғасырдан, яғни Қазақстанның Ресей қарамағына ене бастаған кезеңінен (1731 ж.) бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз қарым-қатынас жасап келеді. Осындай ұсақ ауыс-түйіс, мол байланыстан кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шетел сөздері пайда болған.

Жоғарыда аталған еңбекте «Кірме сөздер (заимствование) дегеніміз тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер. Яғни сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза тума сөздерден құралмайтындығы дәлелденген», - деп жазады Ә. Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиұлы.

Қазақ тілінің құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтың тілінен келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монғол тілі, 4) орыс тілі.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер атқаратын қызметі жағынан өзара бірдей деуге болмайды. Бұларды негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

1. Тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен актив сөздер. Бұлар қазақ сөздік қорына басыбүтін еніп, әбден тұрақтанған. Ұзақ өмір сүріп, тілде жиі қолданылғандықтан, жаңа сөз, тың мағына тудыруға ұйытқы болып келе жатқан, жұрттың бәріне өте-мөте танымал сөздер деп есептеледі. Мысалы, *ас, бақыт, ар, дүние, шаруа, әл, дос, зат, қас, айна, дастарқан, астар, нан, шам, сабын, сынап* т.б.

2. Жалпы халыққа таныс әрі түсінікті бола отырып, әлеуметтік өмірдің, шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында басым жұмсалатын терминдік сипаты арнаулы сөздер. Мысалы, *базар, байрақ, қарыз, борыш, хал-ақуал, зейнет, емтихан, үкім, зейін, ақпар, мәлімет, мата, сайыс, жәрдем, жүгері, керуен, мердікер, күкірт, куә, емле, сабақ, мұғалім, галым, дәуір, табиғат, дәлел, маусым, дәрі, дүрбі, ереже, мейрам, мөр, әділет, саясат, кеден, ақиқат, өкімет, хұқық, әкім, сәбіз*, т.б.

3. Әртүрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стильдік реңк тудыратын сөздер. Мысалы, *махаббат, өмір, сапар, мәртебе, гибрат, абзал, азамат, астапыралла, енишала, жомарт, дидар, ажар, перзент, сахара, алла, арай, шапақ, іңкәр, дерт, шәкірт, ұстаз, нәресте, ғұлама, мәшһүр, ғаламат, жәннат, қасірет, сайран, тәубе, тоба, уатағала, ақырет* т.б.

4. Әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер. Мысалы, *уалаят, мілләт, ғазал, уәзір, шайыр, сауал, дүр, сағыр, дәркер, баһадүр, шаһар, қам (шикі), шырағдан, жарарапан, мизам, уәзипа, залзала, інжір, хикмет, зәңгі және* т.б.

Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен үш сала бойынша енген:

1. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты: *тарих, әдебиет, мәдениет, тәржіме, емтихан, хакім, тәрбие, емле, ғылым, пән, сәлем, сапар, қазына, әдет, әлем, қабілет, қанағат, мағлұмат, назар, мәжіліс, мекеме, мектеп, мемлекет, мансап, парасат, пақыр, бұқара, салтанат, медресе, дидар, бишара, абырой, дұшпан* т.б.

2. Үй тұрмысы мен шаруашылыққа, саудаға байланысты: *бәс, жиһаз, парақ, қаражат, кіре, шерік, ауқат, қасап, несие, шарап, бағбан, халва, дәм, дүкен, дарбаза, дихан, кеме, мақта, миуа, зембіл, сарай, құмыра* т.б.

3. Дінге байланысты: *құран, имам, мешіт, мүфти, құдірет, құрбан, ораза, дұға, азан, жәһаннам, жаннат, рамазан, жаназа, әулие, қажы, қазірет, қиямет, шаригат, айт, тамық, құтба, зікір, зекет, бейіш, намаз* т.б.

Бұдан басқа адам аттарына байланысты сөздер енген: *Ғали, Сағадат, Фатима, Уәсила, Уәли, Ысқақ, Жақып, Айман, Нағима, Назым, Мәлік, Мұзафар, Махмут, Мұхтар, Мұрат, Нәсима, Әміре, Бижамал, Гәуһар, Дария, Ділдә, Дәрмен, Жәңгір, Ескендір, Хамит, Серәлі, Раушан, Сәбит, Шәрбан, Әлішер, Рүстем* т.б.

Қазақ пен орыс халықтары қонысы мен өрісі ежелден іргелес, көрші елдер. Сол себептен бұл елдердің арасындағы сауда-саттық, шаруашылық

пен мәдени байланыстар өте ерте кезден дами бастағандығы белгілі. XVI – XVII ғасырларда қоныс араласумен, сауда-саттықпен байланысты қарым-қатынастар күшейсе, XVIII ғасырдың 30 жылдарынан бастап, Қазақстанның Ресей империясына бағынуы бұл байланыстарды одан әрі нығайта түскен. Осындай ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатынаста болу нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне көптеген сөздер ауысқан. Бірақ біздің тілімізге енген орыс сөздерінің сыр-сипаты мен игерілу дәрежесі әрқашан да біркелкі болмаған. Сол себепті орыс тілінен ауысқан кірме сөздерді екі кезеңге бөліп қараймыз: а) 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі кезең, ә) Қазан төңкерісінен кейінгі кезең.

Төңкеріске дейінгі кезеңде ауысқан орыс сөздері баспасөз арқылы жазба түрде тарамаған, көбінесе ауызша сөйлеу тілі арқылы енген. Бұл сөздерді мынадай топқа бөліп қараймыз:

а) Тұрмыс қажетіне қатысты сөздер. Мысалы: *жәшік (ящик), кереует (кровать), көшір (кучер), сиса (ситец), бәтеңке (ботинки), калош (галoши), шайнек (чайник), сіріңке (серники), кілет (клеть), күршек (крючок), сәтке (сутки), өшірет (очередь), пар (пара), гармон (гармонь), аршын (аршин), порым (форма), тұрба (труба), рысқұт (расход), божы (вожжи), кәмтип (конфеты), бедре (ведро), бишік (бичик), помыш (помощь), жарма (ярмо), қамыт (хомут), пима (пимы), бөкебай (пуховый), тәрелке (тарелка), самауыр (самовар), сөмке (сумка) т.б.*

ә) Әкімшілік басқару ісіне байланысты сөздер. Мысалы: *ояз (уезд), шен (чин), мінәпас (манифест), болыс (волость), старшын (старшина), сот (суд), түрме (тюрма), уйез (уезд), губерне (губерния), атпекет (адвокат), айылнай (ауыльный), жандарал (генерал), поштабай (почтовой), майыр (майор), кантор (контора), сияз (съезд), пртокол (протокол), іштрап (штраф), пірговор (приговор), бүбірнай (выборный) т.б.*

б) Ғылым мен мәдениетке, техникаға қатысты сөздер. Мысалы: *зауыт (завод), набрік (фабрика), мәшине (машина), пароход, минөт (минут), секөнт (секунда), газет (газета), жорнал (журнал), агроном, кемназия (гимназия), класс, парта, ентірнат (интернат), молотелка, сеялка, банік, ләпке (лавка), семенария (семинария), пәнер (фанера), училище, пансион, учет, алгебра, карта, кінеге (книга) т.б.*

в) Қоныс аударуға қатысты сөздер. Мысалы: *учаске (участок), пылан (план), заимка, колония, землемер, қотыр (хутор), әренда (аренда), десетине (десятина), ысклад (склад), загон, сажен (сажень) т.б.*

Сонымен, 1 тарауды қорытындыласақ, кез келген тілдің, соның ішінде қазақ тілінің сөздік құрамының көршілес елдермен саяси, сауда-саттық, мәдени қатынастарға түсуі нәтижесінде сол елдердің тілдері, атап айтсақ, араб-парсы, монғол, орыс тілдерінен сөздердің ауысуы арқылы толығып кемелденгенін көреміз.

Араб-парсы тілдерінен, орыс тілінен енген сөздердің біршамасы қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы болып саналатын Абай, Ыбырай шығармаларында ғана емес, Абайдың шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлының

да шығармаларында көптеп кездеседі. Осы жөнінде жұмысымыздың келесі тарауында толығырақ қарастырамыз.

Жұмыстың **екінші** «Шәкәрім поэзиясындағы кірме сөздердің семантикасы» тарауында жоғарыда аталып кеткен қазақ тіліндегі кірме сөздердің ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларында қолданылу семантикасының ерекшеліктері сөз болады.

Бай да маңызды мұра қалдырған, өзіндік творчестволық жолы сайрап жатқан сирек кездесер таланттың бірі – Шәкәрім шығармаларының лексикалық сипаты жайлы сөз болса, оның шығармаларындағы сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастырған жөн болады. Шәкәрім шығармаларының лексикасы қазақтың төл сөздері және кірме сөздер қабатынан тұрады. Ақынның поэзиялық шығармалары лексикасындағы кірме сөздерге келсек, оларды араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген сөздер деп қарастыруымызға болады.

Шәкәрім – діни өлеңдер жазудың үлкен шебері екендігі баршамызға мәлім. Шәкәрім шығармаларындағы діни сөздерді мағынасына қарай үш топқа бөліп қараған дұрыс, - дейді Б. Момынова. Оның біріншісі – дінге байланысты ұғым атаулары, дінді уағыздаушы, халыққа жеткізушілер мен пайғамбар, сахабалардың аты, екіншісі – діни іс-шараларды жүзеге асыратын орын атаулары және үшіншісі – діни іс-шаралар мен дінге байланысты орындалатын ғұрып, рәсім атаулары.

Бірінші топқа *дін, Құран, діншіл, иман, иманды, молда, Алла, Құдай, Жар, пайғамбар, әулие, сопы*, т.б. сөздер жатады. *Дін* – Шәкәрім тіліндегі ең жиі қолданылған сөз, белгілі бір идеологияның жалпы атауы. Шәкәрімнің діні екі түрлі: бірі – *таза дін* (таза ақылмен тапқан таза дін), мысалы: *Таза діннің* шын негізін, *Ұстаған бір бенде жоқ*, екіншісі - *нашар*, Шәкәрім тілімен айтқанда *баяулы дін, шатақ дін, шын дін* емес. Сондықтан Шәкәрім: *Дін* шатағын сынға сал немесе *Дін* десе тұра қашты есті азамат, - дейді.

Діни оқуға байланысты атаулар: *тәпсір, Құдай, иман, пайғамбар, молда, молдеке, сопы, бейіс, әулие. Тәпсір* – Шәкәрім араб тілінен енген осы сөздің қазақ тілінің дыбысталуына жақындатылған вариантын қолданады, мағынсы «Құрандағы ұғымдар мен ондағы ескірген сөздердің мағынасын түсіндіретін анықтама, түсініктеме». *Тәпсірден* туындаған *тәпсірші, тәпсірлеу* сөздерін бірнеше жерде қолданған. *Тәпсірші* дегеніміз Құран мағыналарын түсініктеме жасайтын ғалым. Ал *тәпсірлеу* – құран мазмұнын жан-жақты саралап, түсіндіру. Мысалы: *Тәпсір* деп қасиетін талқан қылып, Бұзғанмен Құран болмас адасқан хат; Бар обалы олардың *тәпсіршіде*, Адасып нұрлы аятқа жағыпты тат; Мысалмен айтқан кеңес қой, *Тәпсірлеуге* миың тар.

Шәкәрімнің шығармаларында қолданылған араб-парсы сөздерінің тағы бір тобы – діни емес сөздер. Мысалы: *Әлем* – Жан де мейілің, бір мән де Сол қуатпен бол таныс, *Әлемді* сол мән жаратқан; *Фибрат* – Жаралыстан *гибрат* алсаң, Болар едің ойқұмар; *Махаббат* – Өнерпаз, білімді елдің мінезі осы – Аяу, жәрдем, *махаббат* қалмаған ба?; *Табиғат* – *Табиғат* неше түрлі жан жаратты, Не үлкен, не кішкентай тән жаратты; *Дария* – Қаңсыған шөл

даланы қанықтырып, Жыр тасып, *дариядай* құйып жатсын; *Нәресте* – Тазалап жүрек ындызын, *Нәрестедей* жас едім; *Кітап* – Алғызып *кітап* шеттен де, Көңілге біраз тоқыдым; *Мейірім* – Адал еңбек, ақ пейіл, *мейірім* жоқ – Осы болар таза ақыл өлді демек; *Дос* – Бұл туралы менде бір бөтен ой бар, Анық ұқсаң, айтайын, *достым*, саған; *Адам* – *Адамнан* артық жәндік жаралмаған, Дейді жұрт: «Айуан жоқ иттен жаман»; *Рахат* – Зауалсыз бір *рахат* барын, Мысалдаған бұ бір сарын; *Ғылым* – Үйренсе *ғылым* менен сан өнерін, Білер еді-ау өнердің не берерін.

Сауаттылығы, орыс тіліне жетіктігінің арқасында орыс және өзге де елдердің мәдениетімен таныс, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістерін көзімен көріп, осы төңкеріс жылдарының тауқыметін басынан өткерген Шәкәрімнің тіліне де орыс сөздері мен орыс тілі арқылы енген шет тіл сөздері жат емес. Жалпы алғанда орыс тілінен енген сөздер ақынның аудармаларында молынан кездеседі.

Тұрмыс қажетіне байланысты сөздер. Мысалы: *Шкаф*, айна, *столға* амандасып, *Шамаданға* киімін түгел салды; Саврила бәйбіше мен ерте тұрды Малайы дайындады *самауырды*; Үстінде *кереуеттің* Владимир Сұп-сұр боп жатыр еді жараланған; Антон *көшір* атты айдап, бір ысқырып Көзден ғайып болды да кетті сызып; Сол кезде Антон *жәмшік* кіріп келді, Екенін Владимир біліп келді; Орта жолға барғанда он бес кісі *Пәуескені* жан-жақтан қамап алған; Шал Антон *бишік* бұлғап, *божы* қақты Сар желді күрмедегі ат, шеткі ат шапты; Сол кезде *отпеске* алып қайтқан екен Владимир дейтұғын жас офицер; Үш мың сом жылға бермек *жалуанасы*, Барамын біраз шыдап соны алғалы; Ол ойға көп керек тармақ, Әр тілден *словарь* алмақ; Дефорж *скрипка*, *гармонь* тартып, Жүріпті ән қосуға қызды үйретіп; *Конвертке* екі жүрек сурет салды Сыртынан тұрғандай ғып от шашырап; Басқышқа *салом* менен шөп толтырып От қойған соң дүрілдеп жанып берді; Оқымаған надан бай нені жазсын Иректеп *креш* таңба әзер салды; *Сөтке*, жұма, жыл мен ай – сияқты белгіленіп берілген сөздер Шәкәрімнің өлеңдерінде, аудармаларында молынан кездеседі.

Әкімшілік басқару ісіне байланысты сөздерді Шәкәрімнің «Дубровский әңгімесі» аудармасынан молынан кездестіруге болады. Мысалы: Үйін де, мінезін де көрдің жайын *Шен* десең, байлық десең, бәрі дайын; Ол князь мұнда тұрмай шетке кеткен Жеріне бір *майерді* күзетші еткен; Бұл іске кеткеннен соң бір жұма өтіп Үйіме бір *жандарал* келді жетіп; Жүгірді бір топ *солдат* бұған таман, Қолында қаруы көп жарқылдаған; От басып, зеңбіректі жібергенде, *Солдаттың* бір талайы қалмапты аман; Қалғаны шуылдады қырған қойдай, Жүгірді бір *офицер* тағы қоймай; Бұл *князь* келіп қалған елу жасқа Жас бөгет пе, жас қызға қарамасқа.

Сот ісіне байланысты ұғымдар көп кездеседі. Мысалы, Февральдің тоғызында біреу келді Қолына *навеске* деп қағаз берді; *Протокол*, *дознание*, *әкті* жасап, Тергеу боп жүрді бұл іс сотқа түсіп; Андрей *апелляция* бере алмады Сол үшін жерді сізге сот бекітті; *Секретарь* сот билігін оқыды әкеп, «Еш даусыз» «Кистневка» - байдікі деп; Шабашкин дейтұғын бір *заседатель* «Келдің - деп - бай сұрады не себептен?»; *Приказной*, *справник*, *заседатель*

Тірі кісі қалмапты олардан бір; Мұны оқып заседатель қуанды кеп, *Законге* шорқақ екен Андрей деп; Не қылсаң қолға түсір *документін* Онан соң болсын міндет маған бәрі; *Староста* жөнелді шықпай үні Қызметкердің немене көрген күні; *Задатка* деп аузына аз май жағып, Алған сайын тым шешен судай ағып – деп қолданады.

Ғылым мен мәдениетке, техникаға қатысты сөздер. Шәкәрімнің шығармаларында кездесетін осы топқа қатысты сөздердің басым көпшілігі орыс тілі арқылы енген шет тілдік сөздер. Мысалы: *Радийді* бұрын біліп пе ең, *Электр* ұстап көріп пе ең?; *Электриядан* не шықты, Істедің талай қызықты; *Спирт, гипноз, телепат Пакризм* мен *лунатик* Жан сезу, түскер – бәрі жат!; *Магниттің* қуаты еді Қыбылнама дегенің; Басыма қыдыр қонғаны, Ақсам-дағы *миллион* жыл!; От арба, *пароход* пен көктегі шар, *Динамит, бомба, пушка*, көп мылтықтар; Бір *минуттың* ішінде жоқ қылады Әскерді әлденеше толып жатқан; Сағат пен *орган* жүргенін Таңырқап ашып көргемін; *Телеграм* жайын білуге Оны да сынай жүруге; *Газет*, кітап қолға алып, Оқудан да талықтым; Күннің беті жылынып, *Апрель* өтіп, туды *май*; Жылым – қой, жұлдызым – *июль*, Жасым – жеті жүз он жеті ай. Толық алпыс болады жыл Қосылса *июнь, апрель, май*; *Философ* білгіш ойларын, - Сезіндім біразын байқай; «... Сондықтан ойлап білді адам Жаны жоқ» - дейді *психолог*; «Жан сыры» деп жазылған «*Психология*» деген пән; Келмесе сірә есепке, *Цифры* болмай *нөлден* соң; Неше жүз *автомобиль*, арбаменен Жіберсе де көңілі бір сенбеген; Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ, Тәртібі таң қаларлық зор *мәшине* - деп кете береді. Орыс тілінен енген сөздердің келесі тобы – қоныс аударуға қатысты сөздер. Мысалы, Мәскеу мен Покровский арасында, Кішкентай Кэф *станса* қаласында; Осы бай *Русияның* шетінде екен Күнбатыс *заграница* бетінде екен; Неше *план* сыза бердім, Кезегімен ұнатып – деп қолданады. Аталып кеткен сөздермен қатар Шәкәрімнің шығармаларында *балшебек//большевик, меншебек//меньшевик, комсомол* сөздері де кездеседі, мысалы: *Балшебек* пен *меншебек* Партия қылды әр бөлек; Ауыл-атком бір уәкіл, Бірі болса *комсомол*, Қағаз алып жалма-жан Жазып жатса протокол – дейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен аудармаларын алып қарасақ, тұрмыс қажетіне қатысты, әкімшілік басқару ісіне байланысты, ғылым мен мәдениетке, техникаға қатысты орыс тілінен енген сөздер молынан кездеседі. Ал қоныс аударуға қатысты сөздер ақынның шығармаларында бірлі-жарым қолданылған. Кірме сөздерді қолдануы оның өзге тіл және өзге мәдениетпен таныс болғанының дәлелі іспеттес.

Шәкәрім шығармаларындағы кірме сөздердің қолданылу ерекшеліктеріне келсек, Шәкәрім дәуірі оқырманының көзімен қарағанда, ақынның өлеңдерімен танысқан оқырман жекелеген сөздермен, жаңа ұғымдармен, дүниедегі жаңалықтармен таныса алады. Мысалы: Жыл мен ай, сағат, *минут, секунд* дейміз, Секундты мың бөледі *хроноскоп*; *Аэроплан, телефон, грамофон, Электр, радий* мен *магнит* ісін; *Европа* білімді жұрт осы күнде, Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде... Сол есті елде киім бар

мода деген, Керегіне лайықтап киінбеген; *Телеграм* олай емес қой, Ұқсатар ма екем дегем ғой.

Бұл сияқты кірме сөздерді, жаңа ұғымды білдіретін атаулық тіркестерді, жана тұрпатты қимыл мен әрекетті білдіретін тіркесімдерді ары қарай жалғастырар болсақ: *магнит, миллион, миллионщик, философ, пароход, июнь, июль, партия, минут, спирт, гипноз, телепат, радий, электрия* т.б. кете береді. Тіркесімдері: *магниттің қуаты, миллион жыл, партияға тоймады, партия болып таласып*, т.б. нақ осы арада жазудың жаңа ұғым мен атауларды таныту барысындағы пәрменділігі, қуаттылығы байқалады.

Ақын сауда-саттық пен тұрмыстық деңгейдегі қарым-қатынастың арқасында тілге еніп, қолданыла бастаған көптеген сөздерді халықтың сөйлеу тілінде қалыптасқан нұсқасымен жұмсап отырған: *кереует//кровать* - Үстінде *кереуеттің* Владимир; *көшір//кучер* - Антон *көшір* атты айдап, бір ысқырып; *жәмшік//ямицик* - Антон жәмшік ысқырып жібергенде; *лапке//лавка* - Мал да бар *лапкесінде*, мақтан да бар, Көзіңше мақтан алып жатқан да бар. Бұған қоса түсініксіз сөздерді оқырманға таныс деген сөзбен түсіндіре кететін жерлері де бар, мысалы: *Университет деген медреседе* Оқып жүр Владимир деген бала, - дейді. Осындағы *университет* (әр түрлі ғылымдар саласынан жоғары дәрежелі білім беретін жоғары оқу орны), *медресе* (ислам дінін оқытатын орта және жоғары дәрежелі оқу орны) сөздерінің толық мағынасынан гөрі, «оқу орны» деген тар мағынасы алынған сыңайлы. Олардың бірқатары өздерінің тура атауыштық мағыналарында жұмсалса, енді бірсыпырасы образ үшін алынған. Мысалы: *пароход, переводчик, аэроплан, телефон, гарммофон, радио, элетр, магнит, хроноскоп, фанатик, заседатель* сияқты сөздер өздерінің номинативтік тура мағыналарында жұмсалса, *Перевод* малтасын ездім; Сен *ферзімсің*, мен жаяу, Қайтсем ұтам, ойбай-ау. Төрге барсам мен таяу, Қылмас па екен ханды *мат*; Жолдастарың жазықсыз «*байкот*» беріп; Аяғында қайтеміз, *Банкрот* боп күйресек – деген өлең жолдарындағы кірме сөздер образ жасауға қатысып тұр. Бұған қоса, Шәкәрім жоғарыда аталып кеткен «Дубровский» әңгімесінде кейіпкерлердің бірі Шабашкиннің аузына «*закон – түйе, бұйдалап жетелерміз*» деген бейнелі сөз салып, Пушкин кейіпкерін қазақы ұғымға жақындата түседі. Бұл тіркесті, сондай-ақ орыс қоғамының қолтығында отырып, патшаның отарлау саясатының нышандарына қаныға бастаған қазақ үшін түсініксіз бола қоймас деген оймен Шәкәрім Пушкиннің мәтінінде жоқ «*задатка*», «*жандарал*», «*конвой*», *павеске*» (Пушкинде «*приглашение*») сөздерін орынды қолданады. Шәкәрім тіліндегі орыс сөздерінің жазылуы екі түрлі қолданылады. Біріншісі – қазақтың байырғы ауызекі айту формасында жазылып таңбаланған, оларға: *Петрбор, Мәскеу, Рум, жәмшік, шен, мұжық, бөтелке, станса* т.т. жатады. Екіншісі – орысша транскрипциясы бойынша берілген сөздер: *заграница, конверт, заседатель, Русия, газета, журнал, документ, закон, почта, член, фонарь, разбойник, дознание, учитель, монастырь, француз, ноль, партия, динамит, бомба, пушка, планета, радио, папа, мама* т.т. Түйіндей келгенде, Шәкәрімнің шығармашылық ерекшелігі – жазба дәстүрдің төселіп, қазақ тілінің лексикалық қоры сөзжасамның амал-

тәсілдері арқылы жаңа заманға лайық тың ұғымдар мен атауларға толығып, сандық, сапалық өрісі кеңуіне, әдеби тілдің тазалығы мен мәдениетіне саналы түрде көңіл бөліп, дамытты деуге болады.

Енді ақын шығармаларындағы фонетикалық ерекшеліктерді, оның ішінде кірме сөздерге тән фонетикалық ерекшеліктерге бірнеше мысал келтірейік: *Хақиқат//ақиқат* – Өмірден мақсұт *хақиқат*, Соны іздеп алмақ; *Ақиқат* сырымды айтсам – Толстойдың Мың сопыны алмаймын тырнағына; *Арам//харам* – Бұл өмір таусылмас, жаңарар адамзат, *Арам* ой ұмытылып, зорлықшыл болар мат; Ол түгіл саған жақын жүрген адам, Оның маған инедей малы *харам*; *Ғұмыр//өмір* – Күн сайын қағынады тыныш жүрмей, Бір мезгіл тыныштықпен *ғұмыр* сүрмей; *Өмірдің* басы – бала, ортасы – адам, Қартайып шал болған соң кетті шамаң; *Ғаділ//әділ* – *Ғаділ* жүрек, таза ақыл мақтайтұғын, Солар сөкпес іс қылар жолды көксе; *Әділ* болмай, айтқанын қылмақ болса, Осылар тәңір алды оңды мүмкін; *Дұспан//дұшпан* – Артында азап та жоқ, рахат та жоқ, Емес пе ерегіскен екі *дұспан?*; Досынды жау, *дұшпанды* дос көрсетіп, Көзді байлап нәпсінің қылғаны сол; *Хайла//айла* – Атақ, мақтан, құмар, пайда, Өзімшілдік, зұлым, *хайла*; *Айла* тауып осыдан босатып ал, Аузымнан ант берейін ойнамауға; *Адал//халал* – *Адалдың* жері жоқ ақырда жеңбейтін, Тарихта әрқашан *адал* жан өлмейтін; *Халалға* ойламайды шыдайын деп, Арамның түбі болар уайым деп; *Ғалам//әлем* – Жел мен су, тас, топырақ, шөп пен ағаш... *Ғаламда* не бар болса, бәрі жанды; Бүтін *әлем* байланған сиқырыңа, Мен жындымын асық боп сол нұрыңа; *Харекет//әрекет* – Жүріп-тұрып, ойланып істеп көрсең, *Харекеттің* білесің сонда жайын; Білімсіз, *әрекетсіз* еріншекті, Күнәкер де болмаспыз өлі десек; *Пейіл//бейіл* – Мейірім, ынсап, ақ *пейіл*, адал еңбек – Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол; *Бейілін* бекем буған белі сынбас, Ел бұзылса да адалдық өзгерілмес – деп қолданады.

Қорытындылай келе, Шәкәрім шығармашылығының тілдік ерекшеліктері – ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының сапалық дамығандығын, ұлттық ойлау жүйесінің өскендігін, әдеби жазба тілдің бұқаралық сипат алып, әлеуметтік маңызы артқандығының белгісі деуге болады. Қазіргі таңда Қазақстан – дербес мемлекеттер қатарында әлемдік қауымдастық таныған іргелі елге айналды. Конституция бойынша қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап, көз ілеспес жылдамдықпен дамыған әлемдік ғаламдастыру процесінде ұлттық тілдердің жұтылып, жоғалып кетпеуі кімді де болса толғандырып, алаңдатса керек. Міне, бұл ретте ұлттық тілтаным тарихымызды зерделеудің, дүниенің төрт бұрышына есік-тереземіз ашылып, демократия салтанат құран заманда сырттан енген тың ұғымдарды бейнелейтін төлтума сөзжасам, терминжасам тәжірибемізді пысықтап, кәдемізге жарату бүгінгі таңдағы ең маңызды мәселе. Осы орайда Абай дәстүрін ілгері апарған Шәкәрімнің ойшылдық тілдік нәрі мен әрінің қыр-сырын танып білудің мәні зор.

Сайып келгенде, Шәкәрімнің парасатты биік өресі мен терең білімі, шығармашылық ұдайы ізденісі мен табиғи таланты қазақ әдеби тілінің соны сапалық деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

РЕЗЮМЕ

Тема магистерской диссертации – Семантика употребления заимствованных слов в поэзии Шакарима Кудайбердиева

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиев, заимствованные слова, заимствованные слова из арабско-персидского языков, заимствованные слова из русского языка, особенности употребления, семантика употребления, языковые особенности, религиозные слова, духовно-культурная лексика, материальная лексика.

Цель исследования – выявить *особенности* семантики употребления заимствованных слов в поэтических произведениях Шакарима Кудайбердиева. Для достижения данной цели необходимо решение следующих задач: - творческий вклад Ш. Кудайбердиева в формирование и развитие казахского литературного языка;

- исследование языка поэтического текста;
- определение семантического уровня языковых особенностей;
- определение особенностей применения и семантики заимствованных слов в поэзии Ш. Кудайбердиева.

Объект исследования – заимствованные слова из арабско-персидского и русского языков в поэзии Шакарима Кудайбердиева.

Методы исследования: лексика-семантический, историко-сопоставительный, описательный, семасиологический методы, метод лингвистического анализа.

Новизна исследования: - впервые исследованы *особенности* семантики употребления заимствованных слов в поэзии Шакарима Кудайбердиева;

- выявлены *особенности* использования Шакаримом Кудайбердиевым заимствованных слов как последователя поэтической традиции Абая;
- рассмотрены семантические группы заимствованных слов в поэзии Шакарима;
- определены стилевые черты *особенностей* употребления заимствованных слов в произведениях Шакарима.

Научные положения, выносимые на защиту:

- Творчество Шакарима Кудайбердиева – сложная художественная система, имеющая свои особенности;
- Творчество Шакарима бесценно тем, что представляя собой казахское народное творчество и впитав в себя восточную и западную культуру, тем не менее является ярчайшим примером художественной структуры;
- Применение заимствованных слов в поэтических произведениях Шакарима является доказательством образованности и грамотности поэта;
- Вклад Шакарима Кудайбердиева в развитие казахского литературного языка и достижений им качественно-нового уровня на границе двух веков, имеющих свои социально-политические, духовно-культурные особенности.

Практическая ценность работы. Можно применять в курсе лингвистических дисциплин, при проведении семинаров и спецкурсов по лексикологии, казахской литературе в вузах.

SUMMARY

MAGISTER DISSERTATION PAPER – Semantics of the loan words us in the poetry by Shakarim Kudajberdiev

Keywords: Shakarim Kudajberdiev, loan words, loan words from Arabian and Persian languages, loan words from Russian, features of the use, semantics of the use, language features, religious words, spiritually-cultural lexicon, material lexicon.

Research objective – to reveal features of semantics of using loan words in the poetry by Shakarim Kudajberdiev. To reach for the given purpose it is necessary to solve the following challenge:

- the contribution by Shakarim Kudajberdiev to formation and development of the Kazakh literary language;
- Research of poetic language;
- Definition of semantic level of language features;
- Definition of features of application and semantics of loan words in Kudajberdiev's poetry.

Object of research – loan words from the Arabian and Persian and Russian languages in the poetry by Shakarim Kudajberdiev.

Research methods: lexical and semantic, historic-comparative, descriptive, semasiological methods, linguistic analysis.

Novelty of research:

- features of semantics of using loan words in the poetry by Shakarim Kudajberdiev were investigated for the first time;
- Features of using loan words by Shakarim Kudajberdiev as the follower of Abay poetic tradition were revealed;
- Semantic groups of loan words in Shakarim's poetry were considered;
- Style lines of features of using loan words in Shakarim's poetry were defined.

Scientific positions taken out for defending the thesis:

- the poetry of Shakarim Kudajberdiev – a complicated art system having its features;
- the poetry of Shakarim is invaluable that represents the national Kazakh creativity as absorbing both eastern and western culture, nevertheless is the brightest example of art structure;
- Application of loan words in the poetry of Shakarim is the proof of the poet erudition and literacy;
- The contribution of Shakarim Kudajberdiev to the development of the Kazakh literary language and achievements of a new level of quality on the border of two centuries having own sociopolitical and spiritually-cultural features.

Practical value of work. It is possible to apply this paper in the course of linguistic disciplines, when holding seminars and special courses on lexicology and Kazakh literature in high schools.